

Еуразия гуманитарлық институты



**ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ
ҚАҒИДАЛАРЫ**

АСТАНА

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Еуразия гуманитарлық институтында аралық аттестаттауды және қорытынды аттестаттауды өткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар, Институт) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына, 2018 жылғы 31 қазандағы Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, № 604 бұйрық, 2018 жылғы 30 қазандағы Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына, № 595 бұйрық және 2018 жылғы 12 қазандағы Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына, № 563 бұйрық, сәйкес әзірленді.

1.2. Қағидалар аралық аттестаттауды (қорытынды бақылауды) және қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібін реттейді.

1.3. Оқу нысаны мен қорытынды бақылауға қарамастан, пән бойынша емтихан бағаларын автоматты түрде қоюға тыйым салынады.

2. Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және білім алушылардың оқу жетістіктерін қорытынды бақылауды өткізу

2.1. Білім алушыларды аралық аттестаттау Институтта әзірленген академиялық күнтізбеге, жұмыс оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Аралық аттестаттауды (емтихан сессиясын) ұйымдастыру және өткізу тіркеу бөлімімен іске асырылады.

2.2. Білім алушыларды аралық аттестаттау емтихандарды тапсыру, курстық жұмыстарды қорғау және кәсіптік практика туралы есептер түрінде, міндетті түрде баға қойылып өткізіледі және емтихан сессиясы ретінде белгіленеді.

2.3. Білім алушылар әр оқу пәнін бір академиялық кезеңде меңгереді, оның соңында емтихан түрінде қорытынды бақылауды тапсырады.

2.4. Әр оқу пәні бойынша емтихан түрі кафедра меңгерушілерінің мәлімдеуі бойынша Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Институтпен белгіленеді. Емтихандар оқу нысанына қарамастан, жазбаша, ауызша, тест түрінде өткізіледі. Ауызша түрде бір күнде екі немесе одан да көп емтихан тапсыруға рұқсат етілмейді. Тест түрінде бір оқу модулінің екі немесе одан да көп пәндері бойынша олардың бейіні мен жақындығы қағидатын сақтай отырып, кешенді емтихан белгілеуге рұқсат етіледі. Емтихан нысаны көрсетілген пәндер тізбесін аралық аттестаттау басталғанға дейін бір ай мерзімнен кешіктірмей институт деканы бекітеді.

2.5. Білім алушылар емтихандарды бекітілген жұмыс пен жеке оқу жоспарларына қатаң сәйкес түрде тапсырады. Емтихандар кестеге сәйкес тапсырылады және пәннің барлық кәсіби оқу бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру нысаны болып табылады және академиялық кезеңдегі оқу жетістіктерін бағалау мақсатын көздейді.

2.6. Дифференциалды сынақтар білім алушылардың курстық жұмыстарды сәтті орындағанын тексеру нысаны, сонымен қатар білім беру

бағдарламасына сәйкес кәсіптік практиканы тексеру нысаны болып табылады. Дифференциалды сынақтар балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесіне сәйкес қойылады және жұмыстың осы түрлері үшін тиісті мөлшерде кредит бөлінген жағдайда, өту балын есептеу кезінде ескеріледі.

2.7. Бакалавриатта оқудың барлық түрлеріне арналған емтихан кестесін тіркеу бөлімі кафедра меңгерушілерімен бірге жасайды, оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор бекітеді, емтихан сессиясы басталғанға дейін кем дегенде екі апта бұрын білім алушылар мен оқытушылардың назарына жеткізіледі.

2.8. Оқу пәні бойынша рейтингісінің оң бағасы жоқ білім алушылар қорытынды бақылауға (емтиханға) жіберілмейді. Курстық жұмысты тапсырмаған студенттер тиісті пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

2.9. Қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі – ҚБТ) қолдана отырып оқитын студенттерді, сондай-ақ сырттай оқу нысанының студенттерін пән бойынша емтиханға жіберу күндізгі оқу нысанының студенттерімен бірдей тәртіппен жүзеге асырылады.

2.10. Деканның өкімімен білім алушыларға растайтын құжаттары болған жағдайда емтиханды мерзімінен бұрын тапсыруға рұқсат етіледі. Академиялық мәселелер және аккредиттеу жөніндегі департамент тіркеу бөлімімен бірлесіп емтихан өткізу нысаны және жеке кесте тағайындау туралы шешім қабылдайды.

2.11. Институтқа келу мүмкін болмаған кезде (іссапар, денсаулық жағдайы және т.б.) ҚБТ-ны қолдана отырып, күндізгі нысанда оқитын білім алушыларға, сондай-ақ академиялық ұтқырлық бойынша білім алушыларға емтихан тапсыру үшін Академиялық мәселелер және аккредиттеу жөніндегі департамент Қашықтықтан білім беру технологиялары орталығымен (бұдан әрі - ҚБТ) бірлесіп, техникалық сүйемелдеудің барлық талаптарын сақтай отырып, Платонус ААЖ-да онлайн режимде емтихан қабылдауды ұйымдастырады (осы Қағидалардың 5-тармағын қараңыз).

2.12. Тіркеу бөлімінің басшысы емтихан ведомосіне қол қояды және қол қою үшін деканға тапсырады. Емтихан сессиясы кезінде декан емтихан парақтарына күн сайын қол қояды және қол қойылған парақтарды сол күні тіркеу бөліміне қайтарады. Тіркеу бөлімі әдіскері ведомостердің деканға қол қоюға уақтылы ұсынылуына және оларды тіркеу бөліміне қайтарылуына жауап береді.

2.13. Емтиханды өткізу үшін осы оқу пәнінің бейініне сәйкес келетін біліктілігі бар жетекші профессорлар, доценттер, аға оқытушылар арасынан емтихан алушылар, сондай-ақ, тәуелсіз емтихан алушылар тағайындалады. Тәуелсіз емтихан алушылар әрбір аралық аттестаттауға ректордың бұйрығымен бекітіледі.

2.14. Қорытынды бақылау өткізілетін күні емтихан қабылдаушыға тіркеу бөлімі емтихан ведомосін береді, онда білім алушының академиялық кезең ішінде жинаған балдары және жіберу рейтингі көрсетілген бағасы қойылады.

2.15. Емтихан кезінде студенттер пәннің оқу бағдарламасын және емтихан алушының рұқсатымен анықтамалық әдебиеттерді пайдаланады.

2.16. Тіркеу бөлімі басшысының жазбаша рұқсатынсыз емтиханды өткізу процедурасына қатыспайтын адамдардың қатысуына жол берілмейді.

2.17. Институт деканы кейбір жағдайларда (ауруға, отбасылық және қызметтік жағдайларға байланысты) студентке жеке кесте бойынша емтихан сессиясын тапсыруға рұқсат береді. Емтихан сессиясын жеке кесте бойынша тапсыруға институт деканына: денсаулығына, баланың тууына, жақын туыстарының қайтыс болуына, қызметтік немесе оқу іссапарына байланысты растайтын анықтама берілген жағдайда рұқсат етіледі.

2.18. Оқу пәні бойынша аралық аттестаттау нәтижелерін қорытындылау кезінде емтиханнан алған баға және академиялық кезеңдегі үлгерімнің ағымдық бақылау бағаларының орташа балы ескеріледі (рұқсат ету рейтингісінің бағасы). Егер оқу жоспарына сәйкес пән бойынша бақылау түрі тек курстық жұмыс болып белгіленсе, онда курстық жұмысты қорғаудың бағасы пән бойынша жалпы алғанда емтихан бағасы болып табылады. Бұл жағдайда студенттің екінші академиялық рейтингі курстық жұмысты қорғау балын ескерусіз анықталады.

2.19. Емтихандағы білім алушылардың үлгерімі білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесімен бағаланады (1-қосымша). Оң баға (А-, А “өте жақсы”, В-, В, В+, С+ “жақсы”, D-, D+, С-, С “қанағаттанарлық”) оқу пәні бойынша емтихан ведомосіне және студенттің сынақ кітапшасына (бар болған жағдайда) жинаған кредиттерді көрсете отырып жазылады. FX, F «қанағаттанарлықсыз» деген баға тек емтихан ведомосінде жазылады.

2.20. Тілдер (қазақ, шетел, орыс) бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлік модельге және ECTS-ке (иситиэс) аудару арқылы және осы Қағидаларға 1-қосымшаға тиісті дәстүрлі шәкілге сәйкес шет тілдері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағаланады.

2.21. Тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы жалпыеуропалық шет тілді меңгерудің құзыретіне (ОЕК) сәйкес болады (A1, A2, B1, B2, C1, C2). Тілді (ағылшын, қазақ, орыс) жалпы білім беретін пән ретінде меңгеру деңгейін анықтау үшін ОЕК-ке сәйкес ректордың бұйрығымен оқу жылына тіл кафедралары меңгерушілерінің ұсынымы бойынша тиісті комиссиялар құрылады (2-қосымша).

2.22. Пән бойынша қорытынды баға ағымдағы үлгерім бағасын және қорытынды бақылауды (емтихан бағасын) қамтиды. Білім алушының оқу пәні бағдарламасын меңгеру дәрежесін қорытынды бағалауда ағымдағы үлгерім бағасының үлесі 60%-ды құрайды. Қорытынды бақылау бағасы осы оқу пәні бойынша білімді қорытынды бағалаудың 40%-ын құрайды.

2.23. Емтихан өткізілетін күні оқытушы емтихан бағаларын "Платонус" ААЖ деректер базасына енгізеді және оқытушы мен тәуелсіз емтихан алушы қол қойған емтихан ведомосын тіркеу бөліміне береді.

2.24. Емтихан алушы қорытынды ведомосі негізінде студенттердің сынақ кітапшасын (бар болса) толтырады және оған қол қояды.

2.25. Оқу жылының қорытындылары бойынша жазғы семестрдің нәтижелерін ескере отырып, тіркеу бөлімі үлгерімінің орташа балын (GPA) білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшенген бағасы ретінде есептейді.

2.26. Бір курстан екіншісіне ауысу үшін Институтта ауысу балы (білім алушыларға келесі курсқа ауысуға мүмкіндік беретін үлгерімнің ең төменгі орташа баллы – GPA) белгіленген: екінші оқу жылына ауысу үшін – 1,7 балл, үшіншісіне – 2,0 балдан кем емес, төртіншісіне – 2,2 балл.

2.27. Ең төменгі өту балын жинаған білім алушы деканның ұсынысы негізінде ректордың бұйрығымен келесі курсқа жіберіледі.

2.28. Емтихандардың нәтижелері және емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныстар Институттың Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады.

Апелляцияны өткізу тәртібі

2.29. Емтихан сессиясы (аралық аттестаттау) кезеңінде ректордың бұйрығымен біліктілігі апелляцияланатын пәндердің бейініне сәйкес келетін оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.

2.30. Қорытынды бақылау нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан өткізілгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляция береді.

2.31. Апелляциялық комиссияның жұмыс тәртібі Институтта қабылданған «Еуразия гуманитарлық институтында апелляциялық комиссияның жұмысын ұйымдастыру қағидаларымен» реттеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оның негізінде студентке жеке емтихан ведомосі жасалады, ол негізгі емтихан ведомосіне қоса беріледі.

2.32. Білім алушы емтихан өткізілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляцияға өтініш бере алады. Апелляция нәтижелері өтініш берушінің назарына жеткізіледі (қол қойғызып).

2.33. Апелляцияны қарау мерзімі өткеннен кейін емтихан сессиясын өзгертуге жол берілмейді.

Берешектерді жою тәртібі, білім алушылардың емтиханды қайта тапсыру тәртібі және жазғы семестрді ұйымдастыру

2.34. Егер білім алушы қорытынды бақылау (емтихан) бойынша «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, пән бойынша қорытынды баға есептелмейді және ол бойынша кредиттер есептелмейді.

2.35. «FX» «қанағаттанарлықсыз» бағасын алған кезде ағымдағы сессия ішінде оқу пәнінің (модульдің) бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды (емтиханды) Институттың академиялық күнтізбесіне сәйкес бір реттен артық емес қайта тапсыруға жол беріледі, яғни негізгі сессия аяқталғаннан кейін 15 жұмыс күнінен аспайтын қосымша кезең тағайындалады.

2.36. Қосымша кезеңде емтиханға дәлелді себептермен келмеген білім алушылар, сондай-ақ деканның өкімі бойынша сессия ұзартылған білім алушылар емтихан тапсыруға мүмкіндігі бар (2.17-т.).

2.37. «F» бағасына сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда білім алушы жазғы семестрде осы оқу пәніне (модульге) қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

2.38. Білім алушылардың қосымша оқуға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру, оқу жоспарларындағы академиялық берешекті немесе айырманы жою, оқу пәндерін оқу және басқа білім беру ұйымдарында білім алушылардың кредиттерін міндетті түрде қайта есепке ала отырып игеру, үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыру және аралас немесе қосымша білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестр ұйымдастырылады.

2.39. Ауысу балының (GPA) ең төменгі шамасын алмаған білім алушы қайта оқу курсына қалдырылады.

2.40. Белгіленген ауысу балына қол жеткізген және келесі курсқа ауыстырылған білім беру гранты бойынша білім алушы академиялық берешегі болса, білім беру грантын сақтай отырып, оны ақылы негізде жояды.

2.41. Курс бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ өту балының ең төменгі шамасын жинай алмаған білім алушыға өзінің үлгерімінің орташа балын (GPA) арттыру мақсатында келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде жекелеген пәндерді ақылы негізде қайта оқуға және олар бойынша емтихандарды қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.

2.42. Емтиханды қайта тапсырудың оң нәтижесі болған кезде қорытынды баға қайтадан есептеледі, ол емтихан ведомосына және транскриптке жазылады.

2.43. Қайта курсқа қалдырылған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспары немесе жаңадан құрылған жеке оқу жоспары бойынша білім алады.

2.44. Қайта оқу курсына қалдырылған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушы одан әрі оқу кезеңіне мемлекеттік білім беру грантынан айырылады.

2.45. Ауысу балының ең төменгі шамасын жинаған және келесі оқу курсына ауыстырылған білім алушы академиялық берешегі болса, тиісті пәндерді ақылы негізде қайта оқиды және академиялық берешегін жояды.

2.46. Академиялық берешекті жою мақсатында қайта оқыту немесе оқу сабақтарына қайта бару аударым бұйрығының негізінде және төмендегілер бар болса ресімделеді:

* институт деканы және офис регистратор бастығының бұрыштамасымен білім алушының жеке өтініші;

* білім беру қызметтері үшін төлем түбіртегінің көшірмесі.

2.47. Транскриптке FX және F бағаларын қоса алғанда, білім алушының барлық қорытынды бағалары және емтиханды қайта тапсырудың оң нәтижелері жазылады.

3. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу

3.1. Институттағы білім алушыларды қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде белгіленген және білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарларымен бекітілген мерзімде жүзеге асырылады.

3.2. Қорытынды аттестаттау дипломдық жұмыс немесе дипломдық жобаны жазу және қорғау түрінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте дипломдық жұмыс немесе дипломдық жобаның орнына келесі санаттағы адамдар екі кешенді емтихан тапсырады:

1) денсаулық жағдайы бойынша стационарда ұзақ уақыт емделіп жатқандар;

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар, оның ішінде мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер, I топтағы мүгедектер;

3) жүкті немесе 2 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеушілер;

4) оқуды аяқтап жатқан сырттай оқу бөлімінің студенттері.

Дипломдық жұмысты қосымша кешенді емтихандармен алмастырудың басқа жағдайларына жол берілмейді.

Кешенді емтихандарды тапсыру үшін білім алушы институт ректорының атына өтініш жазады және тиісті құжатты ұсынады.

3.3. Дипломдық жұмысты қорғау дипломдық жұмысты жазуды және қорғау процедурасын қамтиды.

3.4. Дипломдық жұмыстар қорғауға дейін плагиаттың болуына міндетті түрде тексеруден өтеді. Плагиаттың бар-жоғын тексеру рәсімі «Еуразия гуманитарлық институтындағы «Антиплагиат» жүйесі туралы ережемен» реттеледі.

3.5. Дипломдық жұмыстарға жетекшілік етуді бейіні бойынша оқытушылар және (немесе) Ұлттық біліктілік шеңберінің 8-деңгейіне сәйкес келетін, кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар мамандар жүзеге асырады.

3.6. Кешенді емтихандар тізімі институттың Ғылыми кеңесінің шешімімен білім алушыларды бітіртуші кафедраның ұсынысы негізінде бекітіледі. Кешенді емтихандар кешенді емтиханға кіретін пәндердің оқу бағдарламалары негізінде өткізіледі. Кешенді емтихан бағдарламасы жоғары білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес еңбек нарығының талаптарына жауап беретін интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттерді көрсетеді.

3.7. МЖМБС талаптарына, білім беру бағдарламаларына, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған студенттер қорытынды аттестаттауға жіберіледі. Білім беру бағдарламасының, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен жұмыс оқу жоспарларының талаптарын орындамаған бітіруші курс студенті жазғы семестрден өтпей курста қайта оқуға қалады.

3.8. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу үшін Институтта дайындық жүргізілетін білім беру бағдарламалары (мамандықтар) бойынша аттестаттау комиссиясы (АК) құрылады.

Аттестаттау комиссиясының құзыретіне:

- 1) бітіруші кадрлардың теориялық және практикалық дайындығының білім беру бағдарламаларының белгіленген талаптарына сәйкестігін тексеру;
- 2) түлекке тиісті білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр дәрежесін беру;
- 3) кадрларды даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу;
- 4) академиялық адалдық принциптерін сақтау жатады.

3.9. АК төрағасы мен құрамы Ғылыми кеңестің шешімі негізінде институт ректорының бұйрығымен ағымдағы оқу жылының 10 қаңтарынан кешіктірілмей бекітіледі және ағымдағы күнтізбелік жылда қолданыста болады. АК құрамына түлектер бейініне сәйкес келетін профессорлар, доценттер, жоғары білікті мамандар, сонымен қатар жұмыс берушілер өкілі кіреді. АК-тың сандық құрамын бітіртуші кафедра анықтайды.

3.10. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу институттың бұйрығымен осы Қағидалардың 3.7-тармағы негізінде, қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіліп, тізімдік құрам түрінде жасалады.

3.11. АК жұмысының кестесін тіркеу бөлімі жасайды, ректор бекітеді және қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей көпшілікке жеткізіледі.

3.12. Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей АК-қа мыналар ұсынылады:

- 1) қорытынды аттестаттауға білім алушыларды жіберу туралы өкім;
- 2) білім алушылардың оқудың барлық кезеңіндегі үлгерімнің орташа балы шамасы (GPA) есептелген транскрипттері.

3.13. Дипломдық жұмыстарды қорғау басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей АК-қа мыналар ұсынылады:

- 1) дипломдық жұмыстың ғылыми жетекшісінің «қорғауға жіберуге болады» немесе «қорғауға жіберуге болмайды» деген дәлелді қорытындысы берілген пікірі;
- 2) дипломдық жұмысқа пікірлеме (рецензия), онда қорғауға ұсынылған дипломдық жұмысқа берілген жан-жақты сипаттама және балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша білімді бағалау бағасы көрсетілген дәлелді тұжырым және тиісті мамандық бойынша «бакалавр» дәрежесі немесе біліктілікті беру мүмкіндігі беріледі.
- 3) бітіртуші кафедраның қорғауға ұсыныс бойынша шешімі;
- 4) дипломдық жұмысқа плагиатқа тексеруден өткендігі туралы анықтама.

3.14. Қажеттілігіне қарай АК-қа орындалған дипломдық жұмыстың ғылыми және практикалық құндылығын сипаттайтын материалдар, бейресми пікірлер, дипломдық жұмыстың (жобаның) бейіні бойынша практикалық

қызметпен айналысатын ұйымдардың жазбаша пікірлері, ғылыми зерттеулердің нәтижелерінің енгізілгені туралы анықтамалар немесе актілері, макеттер ұсынылады.

3.15. Дипломдық жұмысты қорғау АҚ-тың ашық отырысында өткізіледі.

3.16. АҚ отырысының ұзақтығы күніне 6 (алты) академиялық сағаттан аспайды.

3.17. Білім алушы дипломдық жұмысын ғылыми жетекшінің оң пікірі және қорғалатын жұмыс бейініне сәйкес келетін маманның бір рецензиясы болған кезде қорғайды. Егер ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген теріс қорытынды берсе, білім алушы дипломдық жұмысты қорғауға жіберілмейді. Рецензенттің оң және теріс пікірі болған жағдайда да білім алушы дипломдық жұмысты қорғауға жіберіледі.

3.18. Дипломдық жұмыстың жетекшісі ректордың бұйрығымен әр білім алушы үшін институттың Ғылыми кеңесінің шешімінің негізінде тақырыбы көрсетіліп бекітіледі.

3.19. Дипломдық жұмыстың рецензенттері институт ректорының бұйрығымен тиісті құрылымдық бөлімше басшысының ұсынысы бойынша жұмыс орны, атқаратын қызметі көрсетілген жалпы тізіммен бекітіледі. Дипломдық жұмысты (жобаны) рецензиялауды біліктілігі қорғалатын диплом жұмысының бейініне сәйкес келетін ұйымдардың сыртқы мамандары жүзеге асырады.

3.20. Дипломдық жұмысты қорғау нәтижелері бойынша бағалар білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындығын, сондай-ақ ғылыми жетекші мен рецензенттің пікірін ескере отырып қойылады.

3.21. Дипломдық жұмысты қорғауды немесе кешенді емтихандарды бағалау туралы, сондай-ақ дәреже немесе біліктілік беру және мемлекеттік үлгідегі диплом (үздік емес, үздік дипломмен) беру туралы шешімдерді жабық отырыста аттестаттау комиссиясы ашық дауыс берумен отырысқа қатысқан АҚ мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3.22. Дипломдық жұмысты қорғау немесе кешенді емтихан нәтижелері АҚ-тің хаттамаларына қол қойылғаннан кейін, сол өткізілген күні жарияланады.

3.23. АҚ отырыстарының барлығы хаттамамен ресімделеді. АҚ отырыстарының хаттамалары әр түлек үшін жеке жүргізіледі. Тест түрінде кешенді емтихан болған жағдайда, емтихан ведомосі (еркін түрде) хаттаманы ресімдеуге негіз болып табылады. Хаттаманы комиссия құрамында бекітілген АҚ хатшысы толтырады, бірақ ол дауыс беру құқығына ие емес.

3.24. АҚ отырысының хаттамалары «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Заңының талаптарына сәйкес институттың мұрағатында сақталады.

3.25. Дәлелді себептермен қорытынды аттестаттауға келмеген студент АҚ төрағасының атына еркін түрде өтініш жазады, дәлелді себепті растайтын

құжатты тапсырады және оның рұқсатымен аттестаттау комиссиясы отырысының басқа күнінде емтихан тапсырады немесе дипломдық жұмысты қорғайды.

3.26. Қорытынды аттестаттау нәтижелерімен келіспейтін студент апелляцияны оны тіркегеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

3.27. Апелляцияны өткізу үшін ректордың бұйрығымен біліктілігі мамандық бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылардың арасынан апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия құрамына аттестаттау комиссиясының мүшелерін және әкімшілік қызметкерлерді енгізуге жол берілмейді. Апелляция нәтижелері өтініш берушіге бір жұмыс күні ішінде жеткізіледі.

3.28. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін АҚ-қа денсаулық жағдайы туралы ұсынылған құжаттар қарастырылмайды.

3.29. Оң бағаны көтеру үшін дипломдық жұмысты қайта қорғауға немесе кешенді емтихан тапсыруға жол берілмейді.

Дипломдық жұмысты қайта қорғауға немесе кешенді емтиханды тапсыруға, сонымен қатар «қанағаттанарлықсыз» баға алған дипломдық жұмысты қайта қорғауға қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат етілмейді.

3.30. Қорытынды аттестаттаудан «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған білім алушы «білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған: диплом жұмысын қорғай алмаған» немесе «білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған: кешенді емтиханды тапсыра алмаған» деп институт ректорының бұйрығымен ЖОО-дан оқудан шығарылады. Дипломдық жұмысты қорғауы қанағаттанарлықсыз деп танылған жағдайда, аттестаттау комиссиясы сол жұмысты толықтырып немесе жаңа тақырыпты әзірлеу арқылы қайта қорғауға мүмкіндік береді. АҚ-тың бұл шешімі отырыстың хаттамасында жазылады.

3.31. Қорытынды аттестаттаудан өтпеген адам келесі оқу жылында қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей қайта қорытынды аттестаттауға жіберілу туралы институт ректорының атына өтініш жазады. Қайта қорытынды аттестаттауға рұқсат беру Институт ректорының бұйрығымен ресімделеді. Білім алушы тек ақылы негізде қайта қорытынды аттестаттауға жіберіледі.

3.32. Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары білімнің білім беру бағдарламасын меңгерген білім алушыға аттестаттау комиссиясының шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесі немесе біліктілік беріледі және диплом қосымшасымен бірге тегін тапсырылады.

3.33. Дипломға қосымшада (транскриптте) барлық оқу пәндері, тапсырылған курстық жұмыстар, кәсіптік практиканың түрлері, қорытынды аттестаттау бойынша балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша соңғы бағалар, академиялық кредиттер мен сағаттардың көлемі көрсетіле отырып беріледі.

3.34. Емтихандарды А, А- «өте жақсы», В-, В, В +, С + «жақсы» деген бағалармен және үлгерімінің орташа балы (GPA) 3,5-тен кем емес, сондай-ақ А, А- «өте жақсы» деген бағаларға дипломдық жұмысты қорғаған немесе кешенді емтихан тапсырған жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыға үздік диплом (оқудың қосымша түрлерінің бағаларынан басқа) беріледі.

3.35. Бүкіл оқу кезеңінде қайта даярлау немесе емтиханды қайта тапсырған студент осы Қағидалардың 3.34-тармағы талаптарына сай болса да, үздік дипломға ие болмайды.

3.36. АҚ жұмысы аяқталған соң оның төрағасы бакалавриатта білім алушыларды қорытынды аттестаттау туралы есеп жазады, ол Институттың Ғылыми кеңесінде бір ай ішінде талқыланып, бекітіледі.

3.37. Қорытынды аттестаттаудың нәтижелері бойынша ректор жоғары білімнің тиісті білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен білім алушыларға оқуды бітіргендігі және бітірушіге тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін немесе «маман» біліктілігін беру туралы бұйрық шығарады.

3.38. Білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған білім алушы оқуын аяқтамаушы ретінде ЖОО басшысының бұйрығымен ЖОО-дан шығарылады.

3.39. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын аяқтаған түлектердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), білім беру бағдарламалары және білім беру ұйымының бірінші басшысының қолы қойылған дипломдардың нөмірлері көрсетілген тізім тиісті бұйрық жарияланғаннан кейінгі бір ай мерзім ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынылады және ЖОО сайтында орналастырылады.

4. Институтта «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу

4.1. Институттың бакалавриатының барлық академиялық бағдарламаларындағы міндетті талап – Қазақстанның қазіргі заман тарихын оқу. Бакалавриаттың барлық мамандықтарының білім алушылары «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнін оқуды аяқтаған соң, мемлекеттік академиялық күнтізбеге сәйкес, сол академиялық кезеңдегі аралық аттестаттау кезінде осы пән бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады.

4.2. Мемлекеттік емтиханды ұйымдастыруды «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» оқу пәнінен сабақ жүргізетін кафедра тіркеу бөлімі және деканатпен бірлесіп жүргізеді.

4.3. Қысқартылған білім беру бағдарламаларында жоғары білім негізінде қысқартылған оқу нысаны бойынша оқитын студенттер «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнін оқымайды және мемлекеттік емтихан тапсырмайды.

4.4. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша емтихан өткізу үшін кафедра осы пәннің типтік оқу бағдарламасы негізінде барлық оқу нысаны мен мамандықтарға бірдей етіп жұмыс оқу бағдарламасын әзірлейді.

4.5. Мемлекеттік емтиханды өткізу нысаны институттың Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде анықталады.

4.6. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан қабылдау үшін деканның ұсынысы бойынша күнтізбелік жылға Мемлекеттік емтихан комиссиясы (МЕК) құрылады. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша МЕК төрағасы мен құрамы институттың Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

4.7. МЕК отырыстарының кестесін академиялық күнтізбеге сәйкес тіркеу бөлімі жасайды және мемлекеттік емтихан басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей ректор бекітеді.

4.8. МЕК отырысының ұзақтығы күніне 6 (алты) академиялық сағаттан аспауы керек.

4.9. Мемлекеттік емтихан нәтижелері студенттердің білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады. Сонымен бірге қорытынды баға рұқсат беру рейтингі мен мемлекеттік емтихан бағасын ескере отырып қойылады.

4.10. Егер студент «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханда «қанағаттанарлықсыз» баға алса, ол келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде ақылы негізде осы пәнге қайта жазылады, барлық оқу сабақтарына қайта қатысады, ағымдағы бақылаудың талаптарын орындайды, рұқсат алады және мемлекеттік емтиханды қайта тапсырады.

4.11. Мемлекеттік емтиханның нәтижесімен келіспеген студент МЕК өткеннен келесі күнінен кешіктірмей апелляция береді.

4.12. Апелляцияны өткізу үшін ректордың бұйрығымен «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша осы пәннің тәжірибелі оқытушыларының арасынан апелляциялық комиссия құрылады.

4.13. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру нәтижелері оны өткізу көзделген емтихан сессиясын қорытындылау кезінде ескеріледі.

4.14. Мемлекеттік емтихан аяқталған соң МЕК төрағасы МЕК жұмысы туралы есеп жасайды, ол институттың Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі.

5. Институтта білім алушылардың білімін өлшеуіштер мен құралдар

5.1. Студенттердің білімін өлшеуіштерді кафедралар әртүрлі нысандарда жасайды: бақылау сұрақтары, билеттер, тесттер (ашық, жабық, аралас), жазбаша тапсырмалар, курстық жұмыстар.

5.2. Бақылау сұрақтары оқу бағдарламасының барлық тақырыптары бойынша әзірленеді. Қолдану сипатына қарай оларда қысқаша тұжырым (билетке қосу үшін), мәнді мазмұны немесе тақырыптық белгілері болады.

5.3. Билеттер бақылау сұрақтары негізінде жасалады және жалпы алғанда барлық пән бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беруі тиіс. Билет, әдетте, пәннің әр түрлі бөлімдерінен (модульдерден) екі-төрт сұрақтан тұрады. Егер пән практикалық бағытқа ие болса, онда есептерді шығару, есептер шығару дағдыларын анықтау үшін сұрақтардың бірін қалыптастыру керек.

5.4. Тестілер тест тапсырмалары негізінде жасалады. Қиындық деңгейіне байланысты бір тест 20-40 тест тапсырмасын қамтиды.

5.5. Күндізгі, ҚБТ-ны қолдану арқылы күндізгі, сырттай оқу түріндегі студенттердің білімін бағалау бірыңғай өлшеуіштер негізінде жүзеге асырылады.

5.6. Кешенді тестілеу бірнеше пәндер бойынша емтихан тапсыруды қамтиды. Бұл ретте пәндер бір бейінді және байланысты болуы керек, емтихан бағасы әр пәнге жеке қойылады.

5.7. Тестілеудің әр түрі ұсынылуы мүмкін: бланктік (қолмен тексеру), ақпараттық технологияларды қолдана отырып, компьютерлік.

5.8. Студенттердің білімін өлшеу құралы бағалау шкаласы болып табылады. Бағалау шкаласы балдық-рейтингтік әріптік жүйеге негізделген. Балдық-рейтингтік әріптік жүйе әріптік жүйе бойынша бағаларды, оларға сәйкес келетін балдардың сандық баламасын, бағалаудың пайыздық мазмұнын және дәстүрлі бағаларды қамтитын шкала бойынша құрылған (1-қосымша).

5.9. Балдық-рейтингтік әріптік жүйе барлық оқу түріндегі студенттердің оқу жетістіктерін бағалау үшін қолданылады.

5.10. Тілдер бойынша (қазақ, шет тілі, орыс) білім алушылардың оқудағы жетістіктері білім алушылардың шет тілдері бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың деңгейлік үлгіге және ECTS (иситиэс) және дәстүрлі шкалаға сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады (2-қосымша).

5.11. Дифференциалды сынақтар білім алушылардың курстық жұмыстарды табысты орындауын тексеру нысаны, сондай-ақ кәсіптік практиканы тексеру нысаны болып табылады. Дифференциалды сынақтар балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесіне сәйкес қойылады және осы жұмыс түрлері үшін кредиттердің тиісті саны бөлінген жағдайда ауысу балын есептеу кезінде ескеріледі.

Емтихандар мен дифференциалды сынақтарды ұйымдастыру және өткізу

5.12. Емтихан билеттері, жазбаша тапсырмалар мен тест сұрақтарын кафедра ПОҚ-ы құрастырады және кафедра отырысында бекітіледі. Емтихан сұрақтарының тізбесі білім алушылардың назарына жеткізіледі.

5.13. Ауызша емтихан тапсырушылардың саны аудиторияда бір уақытта 6 адамнан аспауы тиіс. Емтиханда білім алушылар емтихан алушының рұқсатымен анықтамалық әдебиетті пайдалана алады. Ауызша емтиханды оқытушы тәуелсіз емтихан алушының қатысуымен қабылдайды. Емтихан нәтижесін «Platonus» ААЖ-ға сабақ беретін оқытушы өзінің логині және паролімен енгізеді. Қорытынды ведомость осы емтихан бойынша апелляция өткізілгеннен кейін басып шығарылады, оған оқытушы мен тәуелсіз емтихан алушы қол қояды.

5.14. Тіркеу бөлімі еркін кодтар беретін білім алушылардың жазбаша тапсырмаларын емтихан комиссиясы бағалайды, жазбаша жұмысты орындау уақыты 2 академиялық сағаттан аспауы тиіс. Білім алушыларға емтихан нәтижелерін жазбаша емтихан өткізілген күні хабарлайды. Жазбаша емтихандар негізінен тілдік мамандықтарда өткізіледі.

5.15. Емтихан деректерін енгізуде қателер болған жағдайда оларды түзету академиялық мәселелер және аккредиттеу жөніндегі департаменттің рұқсатымен жүргізіледі.

5.16. Тест нысанында емтихан қабылдау мынадай түрлерде өткізіледі: бланктік тестілеу, компьютерлік тестілеу, интерактивті режимдегі тестілеу. Емтихан барысында білім алушыларға ұялы телефондарды, смартфондарды пайдалануға тыйым салынады.

5.17. Компьютерлік тестілеу нысанындағы емтихандарды оқытушы және тәуелсіз емтихан алушы бекітілген кесте бойынша компьютерлік сыныптарда өткізеді, тестілеуді тіркеу бөлімі ұйымдастырады. Емтихан рәсімін бақылауды академиялық мәселелер және аккредиттеу жөніндегі департамент директоры, декан және деканның орынбасарлары жүзеге асыра алады.

5.18. Тексергеннен кейін тестілеу нәтижесін жетекші оқытушы «Platonus» ААЖ-ға өзінің логині және паролімен енгізеді. Қорытынды ведомосі осы емтихан бойынша апелляция өткізілгеннен кейін басып шығарылады, оған оқытушы мен тәуелсіз емтихан алушы қол қояды.

5.19. Тестілеу нысанында емтиханды интерактивті режимде қабылдау ҚБТ орталығының техникалық сүйемелдеуімен арнайы қолжетімділігі (логин, пароль) бар «Platonus» ААЖ сервері әкімшісінің рұқсатымен «Platonus» ААЖ-да жүргізіледі.

5.20. Бланктік тестілеу нысанында емтихан қабылдау үшін кафедра бақылау-өлшеу материалдарын: сұрақнаманы, жауап парақтарын әзірлейді.

5.21. Емтихан сессиясы басталғанға дейін бір ай бұрын академиялық мәселелер және аккредиттеу жөніндегі департаментке кафедраларда жүргізілген сараптама нәтижелерімен емтихан билеттері, тест сұрақтары және электрондық тасымалдағыштардағы тест тапсырмалары тапсырылады. Емтихан материалдары емтихан аяқталғаннан кейін академиялық мәселелер және аккредиттеу жөніндегі департаментте сақталады.

5.22. Дифференциалды сынақтар білім алушылардың курстық жұмыстарды табысты орындауын тексеру нысаны, сондай-ақ білім беру бағдарламасына сәйкес кәсіптік практиканы тексеру нысаны болып табылады. Дифференциалды сынақтар балдық-рейтингтік әріптік бағалау

жүйесіне сәйкес қойылады және осы жұмыс түрлері үшін кредиттердің тиісті саны бөлінген жағдайда ауысу балын есептеу кезінде ескеріледі.

5.23. Егер білім алушы өз іс-әрекетімен емтиханды өткізу тәртібін, сондай-ақ академиялық адалдық қағидатын бұзса, онда ол емтиханның шығарылады, емтихан нәтижелері жойылады, рейтингке қарамастан «қанағаттанарлықсыз» қорытынды баға қойылады.

5.24. Білім алушыларға қатысты тәртіптік (құқықтық) ықпал етудің нақты шараларын бекіте отырып, академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін жауапкершілік ЕАҒИ-дің «Академиялық адалдық кодексінде» бекітілген.

6. Карантин кезіндегі қосымша шаралар

6.1. Карантиндік жағдайларда қорытынды бақылауды қабылдау негізінен «Platonus» ААЖ-да компьютерлік тестілеу нысанында, сондай-ақ ауызша емтихан нысанында жүргізіледі.

6.2. Ауызша емтихан өткізу кезінде тұлғаны верификациялау (прокторинг) және онлайн-емтихандар мен тестілеуден өту нәтижелерін растау жүйесі сақталады. Ауызша емтиханды емтихан алушы ZOOM, OES платформаларында өткізеді. Емтихан билеттері кездейсоқ сандар әдісі арқылы білім алушылар арасында бөлінеді.

6.3. Техникалық ақаулар болған немесе интернет ажыратылған (немесе электр энергиясы ажыратылған) жағдайда білім алушы бұл туралы оқытушыға ықтимал байланыс құралдары арқылы хабарлайды.

6.4. Емтиханды тест нысанында қайта тағайындау үшін білім алушы тестілеу аяқталған сәттен бастап 2 күн ішінде өтінішті (сканерленген нұсқаны немесе қолжазба өтінішінің суретін) тіркеу бөліміне жібереді.

6.5. Оқытушы техникалық ақаулар болған, емтихан өткізу кезеңінде (немесе оның бұзылуы кезінде) интернеттің болмауы жағдайында (немесе электр энергиясын берудің болмауы) бұл факт туралы тіркеу бөліміне хабарлайды. Мұндай жағдайда емтихан қайта ұйымдастырылады (бұл ретте ауызша емтихан бойынша емтихан тапсырмалары өзгеріссіз қалады).

6.6. Карантин жағдайында оқытудың барлық нысандарының бітіру курсына дипломдық жұмыстарды қорғау Online Education System, Zoom (веб-конференция) және т.б. бағдарламаларын қолдана отырып, онлайн режимінде жүргізіледі. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы мен құрамын АҚ мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 вебконференцияға қосу міндетті. Дипломдық жұмыстарды онлайн-қорғау процесінде білім алушы мен АҚ мүшелерінің жеке басын верификациялау (прокторинг) жүйесі сақталады.

6.7. Дипломдық жұмысты қорғау кезінде білім алушы экранды көрсету режимі арқылы презентацияны көрсетеді, комиссия мүшелеріне камера алдында баяндама (сөз сөйлеу) жасайды және комиссия мүшелерінің ауызша сұрақтарына жауап береді. Техникалық проблемалар туындаған жағдайда білім алушыларға жазбаша сұрақтар қойылады. Мұндай жағдайда комиссия

мүшелерінің сұрақтарын техникалық хатшы жариялайды. Білім алушы ауызша немесе жазбаша жауап береді.

6.8. Білім алушыда дипломдық жұмысты қорғауды екі кешенді емтиханмен ауыстыруға негіз болған жағдайда, қорытынды аттестаттау қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып ұйымдастырылады, OnlineEducationSystem, Zoom (веб-конференция) және т.б. бағдарламаларын қолдана отырып онлайн режимінде өткізіледі. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы мен құрамын АҚ мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 вебконференцияға қосу міндетті. Оқытудың барлық нысандары бойынша білім алушылар «Platonus» ААЖ-дағы «Тестілеу» модулінде тест түрінде немесе емтихан билеттері бойынша ауызша нысанда кешенді емтихандар тапсырады. Емтихан билеттері кездейсоқ сандар әдісі арқылы білім алушылар арасында бөлінеді. Тұлғаны верификациялау (прокторинг) және онлайн-емтихандардан өту нәтижелерін растау жүйесі сақталады.

6.9. Кешенді емтиханды өткізу кешенді емтихан нысанында қорытынды аттестаттауды өткізу немесе студенттің емтиханға қатысуы (интернетке қолжетімділіктің болмауы және т.б.) мүмкін болмаған жағдайда базалық және бейіндік пәндер бойынша қойылған бағалар негізінде жиынтық бағалаумен ауыстырылуы мүмкін. Бұл ретте кешенді емтиханды жиынтық бағалауға ауыстыру білім алушының өтініші бойынша жүзеге асырылады.

6.10. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды карантиндік жағдайларда қабылдау кезінде 6.8, 6.9-тармақтардағы сияқты ұқсас рәсім қолданылады.

6.11. Кешенді емтихан процесі үзілген жағдайда білім алушы техникалық хатшыға оны жалғастыру туралы өтінішпен дереу жүгінеді. Комиссия кешенді емтиханды қайта бастау немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды.

6.12. Апелляциялық комиссия білім алушының өтініші түскен күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде онлайн отырыс өткізеді.

2018 жылдың 03 қарашасында институттың Ғылыми кеңесінің отырысында қаралды және мақұлданды (№131 хаттама).

2020 жылдың 30 маусымында институттың Ғылыми кеңесінің шешімімен (№148 хаттама) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

1-қосымша

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласына және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Сандық эквивалент	Балдар (%-дық құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Білім алушылардың шет тілдері бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың деңгейлік үлгіге және ECTS (иситиэс) дәстүрлі бағалар шәкілесіне сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Жалпыеуропалық шет тілді меңгерудің құзыреті (бұдан әрі – ОЕК) бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS (иситиэс) бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	
ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS (иситиэс) бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS (иситиэс) бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
B1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	
ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS (иситиэс) бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
B2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS (иситиэс) бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
C1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	
ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS (иситиэс) бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
C2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	